

**Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті өкілді және атқарушы органдарының актілерін мемлекеттік тіркеудің тәртібін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 12 желтоқсан N 1278. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 778 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 778 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті өкілді және атқарушы органдарының актілерін мемлекеттік тіркеудің тәртібі бекітілсін.

2. "Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 810 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 18, 165-құжат) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1278 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де орталық  
атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік  
органдарының нормативтік құқықтық актілері мен  
жергілікті өкілді және атқарушы органдарының  
актілерін мемлекеттік тіркеудің  
Тәртібі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 Жарлығының Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1680 қаулысының негізінде әзірленді.

## 2 . Т ә р т і п :

1) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу кезінде қойылатын талаптар мен тіркеудің мерзімдерін;

2) мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптарды;

3) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізуді;

4) тіркелген нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізуді;

5) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден бас тартудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың, тоқтатудың тәртібін;

5-1) *алынып тасталды - 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 , 2004.10.01. N 1017 , 2006.02.14. N 99 қаулыларымен.*

**2. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу кезінде қойылатын талаптар мен оларды қараудың мерзімдері**

3. Нормативтік құқықтық актілер Әділет министрлігіне және оның аумақтық органдарына оларды тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен (қол қойған) сәттен бастап екі аптаның ішінде, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түпнұсқасын (түпнұсқа мәтінін) қоса алғанда, мемлекеттік органның мөрімен расталған баспа түрінде және электрондық сандық қолтаңба арқылы куәландырылған электронды түрде төрт данада ("құпия" белгісі бар құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде баспа түрінде екі данада ұсынылады) ұсынылады .

Осы органның бірінші басшысының міндетін атқаратын адамның қолы қойылған (бекіткен) нормативтік құқықтық актіні ұсынған мемлекеттік орган сондай-ақ оған тиісті міндеттемелер жүктелгені туралы құжаттың көшірмесін де ұсынуға тиіс .

Нормативтік құқықтық акті мемлекеттік тіркеуге қайта тапсырылған жағдайда, ол тиісті органның қайта бекітуіне (қайта қол қоюға) жатады және осы тармақта белгіленген тәртіппен және мерзімде Әділет министрлігі мен оның

аумақтық органдарына ұсынылады.

Іс қағаздары бірыңғай мемлекеттік тілде жүргізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктерде жергілікті басқару органдарының нормативтік құқықтық актілері тіркеуші органға орыс тіліне аударылмай ұсыныла алады.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 733 , 2000.01.24. N 122 , 2002.10.02. N 1082 , 2004.10.01. N 1017 , 2006.02.14. N 99 қаулыларымен.*

#### 4. Нормативтік құқықтық актілерге:

##### 1) мынадай негізгі мәліметтерді:

нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасына сілтемемен нормативтік құқықтық актіні қабылдау негізін (органның құзыреті);

нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттілігінің негіздемесін (нақты мақсаттар, дәлелдер және неге байланысты акт қабылданады);

осы мәселе бойынша бұрын қабылданған нормативтік құқықтық акт және оларды өзгерту немесе нормативтік құқықтық актіні қабылдауға байланысты күші жойылды деп тану туралы ұсыныстар дайындау туралы;

мемлекеттік тіркеуден бас тартылған осы мәселе бойынша бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілер туралы;

мемлекеттік бюджеттің (республикалық жергілікті) кірістерін қысқарту немесе шығыстарын ұлғайту туралы;

мүдделі мемлекеттік органдармен нормативтік құқықтық актіні келісу қажеттілігін қамтуы тиіс, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша анықтама-негіздеме; <\*>

2) уәкілетті органның өзінің құзыретіне сәйкес қабылдаған нормативтік құқықтық актіні бекіту туралы шешімі қоса беріледі.

Қоса берілетін анықтама-негіздемеге осы актіні шығарған органның заң қызметінің бастығы (ондай болмаған кезде - заң кеңесшісі) қол қоюы тиіс.

Көрсетілген адамдар болмаған кезде анықтама-негіздемеге осы актіні шығарған органның бірінші басшысы қол қояды.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1082 , 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

5. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылған нормативтік құқықтық актілерде анықтама-негіздеменің болмауы немесе оның осы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкессіздігі құжаттарды қайтару үшін негіз болып табылады.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 қаулысымен.*

6. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу барлық қажетті құжаттар ұсынылған сәттен бастап 30 күннің ішінде жүргізіледі.

Егер нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жағдайда, ол

туралы нормативтік құқықтық актіні ұсынған органға, құжаттар тіркеуге ұсынылған сәттен бастап жеті күннен кешіктірілмей жазбаша хабарланады.

Мемлекеттік тіркеудің қажеттілігі туралы мәселені шешу үшін сол немесе өзге актіні ұсыну туралы Әділет министрлігінің және оның аумақтық органдарының сұрауларын мемлекеттік органдар мұндай сұрау түскен сәттен бастап екі аптаның ішінде орындайды.

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1082 қаулысымен.*

7. Заңсыз нормативтік құқықтық актілерді шығарғаны және қолданғаны, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеуге ұсынудың тәртібін бұзғаны үшін бірінші басшылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

### **3. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу**

8. Жалпы міндеттілік маңызы бар; олардың қолданылу мерзіміне (тұрақты немесе уақытша) қарамастан азаматтардың құқықтарына, бостандығына және міндеттемелеріне қатысты ведомствоаралық сипаты бар нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қоспағанда, мемлекеттік құпияларды қамтитын актілер мемлекеттік тіркеуге жатады.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

9. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу қажеттігі туралы мәселені шешу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және оның аумақтық органдарының айрықша құзыретіне жатады.

*Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1082 қаулысымен.*

10. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

*Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 қаулысымен.*

11. Нормативтік заңдық актілерді мемлекеттік тіркеу:

1) актінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігіне құқықтық с а р а п т а у д ы ;

2) осы актіні мемлекеттік тіркеудің қажеттігі туралы шешім қабылдауды;

3) тіркелген актіге мемлекеттік тіркеу нөмірін беруді;

4) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізуді;

5) тіркелген нормативтік құқықтық актілерді оларды Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жолдауды қамтиды.

*Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 , 2006.02.14. N 99 қаулыларымен.*

12. Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осы Тәртіппен белгіленген ретпен тіркеуге жатады.

#### **4. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптар**

13. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын нормативтік құқықтық акт мына талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) нормативтік құқықтық актіні қабылдау рәсімінің сақталуына: алқалық орган үшін - Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкестігі;

орталық және жергілікті атқарушы орган үшін - бірінші басшының не оның орнындағы адамның қолының болуы (бірінші басшы не оның орнындағы адам бекітпеген алқаның шешімі мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық акт болып табылмайды).

1-1) нормативтік құқықтық актіні келісудің болуы:

Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік құқықтық актіні міндетті келісу көзделген жағдайда, сондай-ақ егер онда басқа мемлекеттік органдарға қатысты ережелер, нормалар және тапсырмалар болса, онда нормативтік құқықтық акт осындай органдармен келісуге жатады.

Нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу олардың құзыретіне қарай жүзеге асырылады, бұл ретте нормативтік құқықтық актіні келісудегі мұндай мүдделілік қаралатын мәселелердің мәнін ескеротырып белгіленеді. < \* >

Нормативтік құқықтық акт республикалық бюджет кірістерінің қысқартылуын немесе шығыстарының ұлғайтылуын көздейтін жағдайда ол Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісуге жатады.< \* >

Нормативтік құқықтық актілерді келісу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауға тиіс және нормативтік құқықтық акті тиісті мемлекеттік органға келіп түскен күннен бастап есептеледі.

Келісу нормативтік құқықтық актінің негізгі түрінде тиісті мемлекеттік органдар басшыларының не басшыларының орынбасарларының бұрыштамаларымен ресімделеді.

Бұрыштама орган басшысы немесе оның орынбасары қызметінің атауын, бұрыштама қоюшының жеке қолын, қол иесінің аты-жөнінің толық жазылуын, күнін және елтаңбалы мөрді қамтиды.

1-2) нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеуге ұсынылған жағдайда осы актіні шығарған органның заң қызметінің басшысы (ол болмаған жағдайда - заң кеңесшісі) оған парақ сайын қол қоюды жүргізеді;

нормативтік құқықтық актіні келісу кезінде келісуді жүзеге асыратын органның заң қызметінің басшысы да алдын ала қол қоюды жүргізеді;

бірнеше мемлекеттік орган қабылдаған нормативтік құқықтық актілер ұсынылған жағдайда, парақ сайын қол қоюды әр органның заң қызметінің б а с ш ы с ы ж ү р г і з е д і .

2) қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігін талдау:

Қазақстан Республикасының Конституциясына ;

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдарға;

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтарына;

Қазақстан Республикасының кодекстеріне, заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтарына;

Қазақстан Республикасы Парламентінің нормативтік қаулыларына;

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік жарлықтарына;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларына;

мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне.

3) нормативтік құқықтық актінің деректемелерінің болуы  
Нормативтік құқықтық актілердің төмендегідей деректемелері:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы;

акт нысанына сілтеме: орталық мемлекеттік органның бұйрығы, қаулысы, мәслихаттың шешімі, әкімдіктің қаулысы, әкімнің шешімі;

осы нормативтік құқықтық актіні реттеудің мәнін білдіретін тақырыбы (егер акт өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы болса, онда өзгертілетін және/немесе толықтырылатын актінің тақырыбында көрсетілген ретпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін, актінің нысаны, бекіту күні, тіркеу нөмірі, актінің т о л ы қ а т а у ы к ө р с е т і л е д і );

нормативтік құқықтық актінің қабылданған жері мен күні;

нормативтік құқықтық актінің тіркеу нөмірі;

тиісті нормативтік құқықтық актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы;

елтаңбалы мөрі болуы тиіс.

4) нормативтік құқықтық актінің құрылымына қойылатын талаптардың с а қ т а л у ы :

құқық нормасын қамтитын тармақ нормативтік құқықтық актінің негізгі құрылымдық элементі болып табылады;

нормативтік құқықтық актілер тармақтарының тармақшаларға бөлінуі, ал тармақтардың, тармақшалардың ішінде абзацтармен бөлінген бөліктері болуы

м ү м к і н ;

нормативтік құқықтық актінің әр тармағы араб санымен нөмірленеді; тармақтарды нөмірлеу бүкіл нормативтік құқықтық акті үшін басынан аяғына дейін ретті болып табылады;

тармақшаларды нөмірлеу әр тармақ үшін дербес болады; тармақтардағы тармақшалардың нөмірлері жақшаға алынып араб санымен белгіленеді;

мазмұны жағынан жақын тармақтар тарауларға біріге алады; мазмұны жағынан жақын бірнеше тараулар бөлімшелерге біріктірілуі мүмкін, ал бөлімшелер, өз кезегінде бөлімдерге біріге алады;

көлемі жағынан үлкен тараулардан параграфтар және параграфтардың бөліктері бөлініп шыға алады, ал бөлімшелер осылайша бөліктерге бөліне алады;

нормативтік құқықтық актінің әрбір бөліміндегі әрбір тарау мен кіші бөлімдердегі параграфтарды нөмірлеу дербес болып табылады.

5) нормативтік құқықтық акт мәнінің мазмұндалу стиліне қойылатын талаптар;

нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл мен заңгерлік терминологияның нормалары сақтала отырып баяндалады. Ескірген, көп мағыналы сөздер мен бейнелі сөздерді, теңеулерді, эпитеттерді, метафораларды, мағынасы және құқықтық жүктемесі жоқ декларациялық сипаттағы ережені қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Тармақтың мәтіні басқа тармақтарда қайталанып баяндалмайды.

6) егер, нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оларға сілтеме жасалған жағдайларда қосымшалардың болуы;

7) нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оның ішінде қосымшалардағы да, мәтіндерінің сәйкес келуі;

7-1) нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану кезінде осы актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген барлық нормативтік құқықтық актілердің не олардың бөліктерінің бір мезгілде күші жойылды деп танылады. <\*>

8) қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөліктерінің (бөлімдерінің, бөлімшелерінің, тарауларының, параграфтарының, тармақтарының, тармақшаларының) күші жойылған деп танылған кезде мұндай бөліктер қолданылып жүрген актіден алынып тасталады, бірақ олардың нөмірлері сақталады және одан әрі пайдаланылмайды. Сақталған нөмірге актінің (немесе оның бөлігінің) күші жойылған деп тану туралы нормативтік құқықтық актіге сілтеме қосылады. Сақталған құрылымдық бөліктердің нөмірленуі өзгермейді;

9) қолданылып жүрген актіге қосымша құрылымдық бөліктерді енгізу кезінде , олар өздері жалғасатын құрылымдық бөліктердің нөмірлерін қайталайтын: 2-1-тарау, 8-1-параграф, 4-1-тармақ және одан әрі, қосымша нөмірлермен енгізіледі. Енгізілген құрылымдық бөліктің мәтіннен кейін жақшада енгізілгендігі туралы актіге сілтеме жасалады. Қалған құрылымдық бөліктердің нөмірленуі сақталады;

10) қолданылып жүрген актінің құрылымдық бөлігінің мәтіні өзгерген кезінде , мұндай бөлік өзгертілген редакцияда қолданылуын жалғастырады. Өзгертілген құрылымдық бөліктің мәтінінен кейін бөліктің оны өзгерткен актінің редакциясында қолданылатыны туралы сілтеме жалғасады.

10-1) нормативтік құқықтық актінің немесе оның құрылымдық бөлігі мәтінінің мазмұнына осындай мәтін мазмұнының жартысынан асатын көлемде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде оның жаңа редакциясы қ о л д а н ы л а д ы . < \* >

*Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 , 2001.03.11. N 341 , 2002.10.02. N 1082 , 2003.11.26. N 1184 , 2004.10.01. N 1017 , 2006.02.14. N 99 қаулыларымен.*

13-1. Осы Тәртіптің 5-тармағымен көзделген жағдайларда, сондай-ақ 3-тармағында, 13-тармағының 1-1), 1-2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында, көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда нормативтік құқықтық акт тиісті заң сараптамасы жүргізілместен, осы актіні ұсынған органға пысықтауға жеті күн і ш і н д е қ а й т а р ы л а д ы .

*Ескерту. 13-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1082 , өзгерту енгізілді - 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

## **5. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімін жүргізу**

14. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары жү з е г е а с ы р а д ы .

Тізілімде тіркеу күні, берілген нөмірі, нормативтік құқықтық актінің және оны мемлекеттік тіркеуге ұсынған органның атауы көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

*Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 қаулысымен.*

## **6. Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу**

15. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу оларды қолданысқа енгізу үшін міндетті шарт болып табылады. Тіркелмеген нормативтік құқықтық актілердің заңдық күші болмайды.

16. Нормативтік құқықтық актілер "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес қолданысқа енгізіледі.

*Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

17. Мемлекеттік тіркеуден кейін қорытынды мен нормативтік құқықтық актінің бір данасы (түпнұсқа) оған берілген мемлекеттік тіркеу нөмірімен бірге, егер осы акт азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты болған жағдайда, ресми жариялау міндеттемесімен нормативтік құқықтық актіні тіркеуге ұсынған органға жолданады, мемлекеттік органның мөрімен расталған баспа түрінде және электрондық сандық қолтаңба арқылы куәландырылған электрон түрінде екінші және үшінші даналары Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне және нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкі тізіліміне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жолданады, нормативтік құқықтық актінің төртінші данасы тіркеуші органда қалады.

Осы тәртіп бірнеше мемлекеттік органдар шығарған нормативтік құқықтық актіні тіркеу жағдайында да қолданылады.

Қорытынды мен мемлекеттік тіркеу нөмірі берілген "құпия" деген белгісі бар нормативтік құқықтық актінің бір данасы (түпнұсқасы) құжатты тіркеуге ұсынған органға баспасөз басылымына жариялау міндеттемесінсіз жіберіледі. Екінші данасы Әділет министрлігінде және оның аумақтық органдарында қалады.

Нормативтік құқықтық актіні жариялау және жіберу кезінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күнін көрсету міндетті болып табылады.

*Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 , 2002.10.02. N 1082 , 2004.10.01. N 1017 , 2006.02.14. N 99 қаулыларымен.*

18. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1082 қаулысымен.*

**7. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден бас тартудың, қолданылуын тоқтата тұрудың, тоқтатудың тәртібі**

*Ескерту. 7-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.14. N 99 қаулысымен.*

19. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеуден мына жағдайларда: егер мұндай акт азаматтардың заңдармен белгіленген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасаса; жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келсе; оны шығарған орган құзыретінің шегінен шықса; егер келісу қажет болғанда мүдделі органдармен келісілмесе; егер актілерді мемлекеттік тіркеуге ұсынудың тәртібі бұзылса; егер актінің жаңа құқықтық нормасы болмаса, тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

Бас тарту туралы, бас тартудың негіздемесі көрсетіле отырып, нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған органға жазбаша хабарланады.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартқан жағдайда нормативтік құқықтық актінің көшірмесі тіркеуші органда қалады.

*Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 қаулысымен.*

19-1. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тартуды алған күннен бастап он бес күн ішінде мемлекеттік органның басшысы не оның міндеттерін атқаратын адам тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық актіні жою туралы тиісті актіні шығарады және оның көшірмесін Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органына жібереді.

Нормативтік құқықтық актіні тиісті заңдық сараптама жүргізбестен қайтарған жағдайда, мемлекеттік орган анықталған бұзушылықтарды жояды және оны осы Тәртіптің 3-тармағында белгіленген тәртіппен қайтарылған сәттен бастап отыз күн ішінде мемлекеттік тіркеуге қайта ұсынады.

Осы тәртіп анықталған бұзушылықтарды жоятын және оны мәслихаттың кезекті сессиясында бекітілген сәттен бастап осы Тәртіптің 3-тармағында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге нормативтік құқықтық актіні қайта ұсынатын жергілікті өкілді органға қатысты қолданылмайды.

*Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

20. Нормативтік құқықтық акт (оның бөлімі немесе бөліктері): акт немесе оның бөлімі (бөліктері) қабылданған мерзім аяқталған; бұрын шығарылған құқықтық актінің, оның бөлімінің (бөліктерінің) ережелері қайшы келетін немесе бұрын шығарылған актіні немесе оның бөлімін (бөліктерін) қамтитын жаңа нормативтік құқықтық акт қабылданған;

Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен қабылданған акті конституцияға сәйкес емес деп танылған; соттың шешімі бойынша акті немесе оның бөлімдері (бөліктері) жарамсыз

д е п

т а н ы л ғ а н ;

осы актіні қабылдаған орган немесе осыған уәкілетті өзге де орган актінің немесе оның бөлімдерінің (бөліктерінің) күші жойылған деп таныған;

*Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.24. N 122 қаулысымен.*

20-1. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған орган таратылған, қайта ұйымдастырылған немесе қайта құрылған жағдайда оның актілерінің күші жойылды деп тану, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелерді оның құқықтық мирасқоры немесе жоғары тұрған орган шешеді. <\*>

*Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*

21. Нормативтік құқықтық актінің күші жойылған не оның қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұрған деп танылған жағдайда осы актіні қабылдаған орган немесе осыған уәкілетті өзге де орган бір апталық мерзімнің ішінде, тиісті растайтын актіні қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына және ол бұдан бұрын жарияланған ресми басылымдарға хабарлайды:

1) ақпараттардың дер кезінде ұсынылмағаны үшін нормативтік құқықтық актіні шығарған органның бірінші басшылары жауаптылықта болады.

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізіліміне, Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне немесе жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерінің тізіліміне тиісті жазбалар енгізеді.

Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1082 , 2004.10.01. N 1017 , 2006.02.14. N 99 қаулыларымен.*

**7-1. Мемлекеттік тіркеудің күшін жою және қалпына келтіру тәртібі**

*Ескерту. 7-1 тарау, 22,23,24-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.10.01. N 1017 қаулысымен.*